



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)



ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2026. Т. 29 (2)

---



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhу  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 755–763  
Journal homepage:  
<https://otan.history.iie.kz>



ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI 03.41.91; 03.19.05  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_2\\_755-763](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_755-763)

## МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

*Сырым Ғадылбекұлы Есен*

Астана халықаралық университеті  
(Қабанбай батыр даңғылы 8, Астана, Қазақстан Республикасы)  
Астана халықаралық университетінің доценті, PhD  
<https://orcid.org/0000-0002-2434-9464>. e-mail: [syrymesenov@gmail.com](mailto:syrymesenov@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026  
© Есен С.Ғ., 2026

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Мәленберлі (Мәуленберді) қорымы жайлы жалпы ақпараттар мен 2024 жылы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері беріліп отыр. Мәуленберлі қорымы қазіргі Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Ералиев ауылының маңында орналасқан. Қорым аумағында Жошы Ұлысы заманынан бастап этнографиялық кезеңге (XIV – XIX ғғ.) дейінгі аралықты қамтиытын жерлеу орындары бар. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Мәуленберлі есімді тұлғаның есімімен байланысы бар Сарыарқа жеріндегі қорымның тарихи-мәдени нысан ретіндегі сипаты мен соңғы жылдары жүргізілген шағын зерттеу нәтижелерін баяндауға негізделген. Зерттеудің міндеті Қазақстанның батыс өңірі мен Сарыарқа даласындағы ұқсас атаулы нысандардың қандайда бір байланысын айқындау және аймақтағы жерлеу дәстүрлерінің трансформациясын зерделеу. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында ғылыми еңбектер мен ауызекі деректерді және далалық археологиялық материалдарды кешенді түрде пайдаланылған. Салыстырмалы-тарихи талдау, компаративті әдіс және жүйелі-құрылымдық дескрипция әдістерін қолдану арқылы ғылыми қорытындылар жасалған. Нәтижесінде Мәуленберлі қорымының жазғы жайлау кезіндегі қоныс орны болғандығы және бұл нысан тұлғаның есімін ұлықтайтын қасиетті мекен немесе рулас, туыстас ағайынның қорымы ретінде халық жадында сақталғандығы нақтыланды. Қорымның үш бөліктен (Мәуленберлі 1, 2, 3) тұратын күрделі құрылымы сипатталып, ондағы XIV – XIX ғасырлар аралығын қамтитын түрлі типтегі кесенелер мен мазарларға жіктеме жасалды. *Қорытынды.* Зерттеу ғылыми қорытындысы ретінде ескерткіш нысанының тарихи-географиялық сабақтастық белгілері, сәулеттік ерекшеліктері мен жерлеу ғұрпының әртүрлілігіне байланысты жекелеген тұжырымдар жасалды. Бұл Ұлытау өңіріндегі көшпелі қоғамның әлеуметтік иерархиясын, материалдық мәдениетін және ислам дінінің жерлеу рәсімдеріне тигізген ықпалын түсінуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** Мәуленберді, қорым, археологиялық зерттеу, жерлеу дәстүрі, кенотаф, ортағасырлық кесене, қасиетті орын.

**Алғыс.** Мақала BR24992951 «Сарыарқа археологиялық мұрасы (тас дәуірінен орта ғасырға дейін)» жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

**Дәйексөз үшін:** Есен С.Ғ. Мәленберлі қорымы: этноархеологиялық зерттеу // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 755–763. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_755-763

**НЕКРОПОЛЬ МАЛЕНБЕРЛИ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ**

*Сырым Гадылбекулы Есен*

Международный университет Астана, Астана, Казахстан  
(проспект Кабанбай батыра, 8, Астана, Республика Казахстан)

Доцент, PhD

<https://orcid.org/0000-0002-2434-9464>. e-mail: [syrymesenov@gmail.com](mailto:syrymesenov@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Есен С.Г., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В статье представлены подробные сведения о некрополе Мауленберли (Мауленберди) и результаты научно-исследовательских работ, проведенных в 2024 году. Могильник расположен вблизи аула Ералиево Жанааркинского района Улытауской области. Памятники, сосредоточенные на территории некрополя, охватывают широкий хронологический диапазон от эпохи Улуса Джучи до этнографического периода (XIV – XIX вв.). *Цель и задачи исследования.* Основная цель статьи заключается в характеристике некрополя Мауленберли как значимого историко-культурного объекта Сарыарки, а также в изложении результатов археологических изысканий последних лет. Задачи исследования включают выявление историко-генетической связи между одноименными объектами Западного Казахстана и Сарыарки, а также изучение трансформации погребальных традиций региона. *Результаты.* В ходе работы были использованы научные труды, этнографические данные и полевые археологические материалы. Научные выводы сформулированы на основе сравнительно-исторического анализа, компаративного метода и системно-структурной дескрипции. В результате исследования уточнено, что местность Мауленберли являлась районом летних кочевий (жайляу), а сам объект сохранился в народной памяти как сакральное место. Описана сложная структура некрополя, состоящая из трех секторов (Мауленберли 1, 2, 3), и представлена классификация различных типов мавзолеев и надмогильных сооружений XIV – XIX веков. *Вывод.* На основе проведенного исследования сделаны выводы об историко-географической преемственности памятника, его архитектурных особенностях и вариативности погребального обряда. Полученные данные позволяют глубже понять социальную иерархию, материальную культуру кочевого общества Улытауского региона и степень влияния ислама на погребальные ритуалы.

**Ключевые слова:** Мауленберди, некрополь, археологические исследования, погребальные традиции, кенотаф, средневековый мавзолей, сакральное место.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта BR24992951 «Археологическое наследие Сарыарки (от эпохи камня до средневековья).

**Для цитирования:** Есен С.Г. Некрополь Маленберли: этноархеологическое исследование // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 755–763. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_755-763

**MALENBERLI NECROPOLIS: AN ETHNOARCHAEOLOGICAL STUDY**

*Syrym Yessen*

Astana International University  
(Kabanbay Batyr Avenue 8, Astana, Republic of Kazakhstan)

PhD, Associate Professor

<https://orcid.org/0000-0002-2434-9464>. e-mail: [syrymesenov@gmail.com](mailto:syrymesenov@gmail.com)

© Valikhanov IHE, 2026

© Yessen S., 2026

**Abstract.** Introduction. The article provides detailed information about the Maulenberli necropolis (Maulenberdi) and the results of scientific research conducted in 2024. The burial ground is located near the village of Yeralievo in the Zhanaarkinsky district of the Ulytau region. The monuments concentrated on the

territory of the necropolis cover a wide chronological range from the era of the Jochi Ulus to the ethnographic period (XIV–XIX centuries). *The purpose and objectives of the study.* The main purpose of the article is to characterize the Maulenberli necropolis as a significant historical and cultural site of Saryarka, as well as to present the results of archaeological research in recent years. The research objectives include identifying the historical and genetic connection between the sites of the same name in Western Kazakhstan and Saryarki, as well as studying the transformation of the region's funerary traditions. *Results.* Scientific papers, ethnographic data and archaeological field materials were used in the course of the work. The scientific conclusions are formulated on the basis of comparative historical analysis, comparative method and system-structural description. As a result of the study, it was clarified that the area of Maulenberli was a summer nomadic area (jailau), and the object itself was preserved in the national memory as a sacred place. The complex structure of the necropolis, consisting of three sectors (Maulenberli 1, 2, 3), is described, and the classification of various types of mausoleums and tombstones of the XIV–XIX centuries is presented. *Conclusion.* Based on the conducted research, conclusions are drawn about the historical and geographical continuity of the monument, its architectural features and the variability of the funeral rite. The data obtained allow for a deeper understanding of the social hierarchy, the material culture of the nomadic society of the Ulytau region and the degree of influence of Islam on funeral rituals.

**Keywords:** Maulenberdi, necropolis, archaeological research, funerary traditions, cenotaph, medieval mausoleum, sacred place.

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the BR24992951 project "The archaeological heritage of Saryarka (from the Stone Age to the Middle Ages).

**For citation:** Yessen S. Malenberli necropolis: an ethnoarchaeological study // Otan Tarihy. 2026. Vol. 29. № 2. Pp. 755–763. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_755-763

**Кіріспе.** Ұлытау өңірінде ортағасырға тиесілі материалдық мәдениетті айшықтайтын қала, қоныс, кесене мен жерлеу орындары сынды тарихи нысандар көптеп кездеседі. Осы қатардағы тарихи мұралардың бірі жерлеу ескерткіштері санатына жататын Мәуленберлі қорымы.

Мақала тақырыбына арқау болып отырған Мәуленберлі есімі мен оның қорымына қатысты көпшілік арасында екі ұдай пікір қалыптасқан. Біріншісі Мәуленберлі есіміне байланысты. Қазақстанның батыс өңірлерінде Мәуленберлі деген атаумен таралған. Мақалада қарастырылып отырған Мәуленберлі есімі Ұлытау облысының тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне енген қорым атауы. Зерттеу жұмысы осы екінші атауға байланысты алынып отыр.

Екінші ескеретін жағдай қорымның орналасқан жеріне қатысты. Мәселен Мәуленберлі есімді тұлғаның кесенесі қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Кеңкияқ ауылының маңында орналасқан. Қорым «Мәулімберді әулие қорымы» деп аталады. Қорым аумағында ерте темір дәуірінің обаларынан бастап, үйінді түріндегі ортағасырлық мазарлар мен XVIII–XX ғасырдың ортасына дейінгі қазақтың зираттары бар [Ақтөбе облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері, 2014: 118].

Жергілікті халық арасында таралған ауызекі деректерге сүйенсек бұл төңіректе шамамен XV–XVI ғасырда өмір сүрген Асан қайғының баласы Мәулімберді әулие жерленген. Сондықтан ұзақ жылдар бойы жерлеу орны болып келе жатқан бұл аумақ қасиетті орын саналады. Жергілікті тұрғындар бұл қорымда ноғайлар жерленгендігін атайды [Бисалиев, 2019: 154–156]. XVII ғасырдың басында, яғни қалмақ-торғауыттармен болған талас-тартыс басталғанға дейін бұл төңіректе Темір өзені бойында егіншілікпен шұғылданған ноғайлардың мекендеуімен байланысты болса керек [Рычков, 1887: 310]. Ол жөнінде қазақ руларының қоныстану аумақтары жайлы көпеген дерек қалдырған зерттеушілер П.И. Рычков, А.И. Левшиннің еңбегінде де кездеседі [Левшин, 2005: 112]. Ал П.И. Рычков Мәулімберлі қорымының орналасқан жері мен оның айналысындағы шаруашылық алаңдары туралы сипаттама жасайды [Рычков, 1887: 311]. Жалпы Мәуленберлі (Мәуленберді) есімімен қорымы жайлы мәліметтер аса көп болмағынымен ғылыми-зерттеу нысаны ретінде бағалап, қандайда бір қорытындылар жасауға мүмкіндік беретін деректер қоры бар деп санауға болады.

Бұл мақаланың басты мақсаты Мәуленберлі есімді тұлғаның атымен белгілі Сарыарқа жеріндегі қорымның тарихи-мәдени нысан ретіндегі сипаты мен соңғы жылдары жүргізілген шағын зерттеу нәтижелерін баяндауға негізделген.

**Зерттеудің материалдары мен әдістері.** Мәуленберлі есімі мен оның жерленген жеріне қатысты ауызша деректер мен ғылыми еңбектер және Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданы аумағында орналасқан қорымда жүргізілген археологиялық зерттеу нәтижелері жұмыстың

материалдық негізін құрайды. Зерттеу барысында ауызша деректер мен ғылыми тұжырымдарға негізделген салыстырмалы-тарихи талдау және археологиялық қазба барысында анықталған жерлеу орнының сыртқы құрылысы мен жерлеу дәстүрі бойынша қорытындылар жасау мақсатында компаративті талдау, жүйелі-құрылымдық дескрипция әдістері пайдаланылды.

**Нәтижелер.** Зерттеу нысаны болып отырған Мәуленберлі қорымы қазіргі Ұлытау облысына қарасты Жаңаарқа ауданы, Ералиев ауылының маңында орналасқан. Бұл ретте ескерткіш атауының Арқа жерінде де қатарласа аталуы қазақ даласындағы маусымдық көш жүйесіне қатысты болса керек. Жаңаарқа жеріндегі Көнек тауының етегі мен Сөрті өзенінің теріскей бетін алып жатқан кең атырап Мәуленберлі жазығы деп аталады. Яғни осы төңірек Мәуленберлінің (Мәуленберді) жаз жайлауы болған. Демек қорымның атауы да осыған байланысты қалыптасқан деп болжауға болады [Жуанышбаев, 2024]. Яғни тұлғаның құрметіне арналған нысан және кіші жүз қазақтарының (табын, тама руларының) ата-бабалар қорымы ретінде танылған қасиетті орын болып табылады. Олай деуіміздің тағы бір себебі қорымға ең жақын орналасқан Ералиев ауылының тұрғындарының басым бөлігі кіші жүздің тама руының ұрпақтары [Жуанышбаев, 2024: 102].

Жалпы Ұлытау өңіріндегі ортағасырлық жерлеу ескерткіштері жайында құнды пікір жазып қалдырған зерттеушілердің бірі Ш.Ш. Уәлиханов өз жазбаларында далалық аймақтардағы кесенелер мен молаларды сипаттай отырып, олардың орналасу жағдайына, құрылысына, сыртқы өрнектеріне ерекше көңіл аударған [Валиханов, 1984: 190–197]. Мұндай нысандардың қатарында көпшілікке аты таныс тұлғалардың есімімен байланысты Ералиев ауылының іргесінде тұрған Жұбан ана сынды кесене құрылыстарын ерекше атауға болады. Алайда нақты Жаңаарқа өңіріндегі ортағасырлық жерлеу орындары археологиялық тұрғыдан зерттеу ісі кенде қалды деп пайымдауға болады.

Мақала тақырыбына арқау болған Мәуленберлі қорымына келер болсақ ескерткіш нысаны 2008 жылы С.У. Жауымбаев жетекшілік еткен Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы тізімге алып, сипаттамасын жасаған. Ескерткіш нысаны 2019 жылы Жаңаарқа ауданының ескерткіштер жинағына енген [Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының археологиялық картасы, 2019: 19–20]. Алайда бұл зерттеулер тек ескерткіш нысанының орналасқан аумағы мен оның жалпылама сипаттамасымен шектелген. Қазіргі таңда қорым аумағында саз кірпіштен тұрғызылған күмбезді кесене, төртқұлақ түріндегі бірнеше құрылыс орындары мен тас үйіндіден тұратын жерлеу нысандары бар. Жалпы Қазақстанның далалық өңірлерінде саз кірпіштен мола тұрғызу үрдісінің бастауы мен алғышарттарын анықтау мәселелері ашық күйінде қалып отыр. Ұқсас нысандардағы жерлеу дәстүрі мен қосымша кездесетін жәдігерлерге байланысты мұсылмандық немесе одан тыс ескілікті дәстүрге тән ескерткіш нысаны ретінде екіге бөліп қарастыру көзқарастары қалыптасқан [Хабдулина, 2016: 95]. Зерттеу нысаны болып отырған нысан қай кезеңге жататыны немесе ондағы жерлеу дәстүрі жайлы ешқандай қосымша дерек жоқ.

Осындай ғылыми мәселелердің шешімін табу мақсатында қолға алынып отырған зерттеу жұмысы барысында Мәуленберлі қорымындағы екі жерлеу орнында қазба жұмыстары жүргізіліп, оның аумағындағы өзге нысандардың сипаттамасы жасалды. Археологиялық қазба барысында анықталған жерлеу орнының сыртқы құрылысы мен жерлеу дәстүрі бойынша салыстырмалы зерттеу әдістері арқылы мәдени атрибуциясы айқындалды.


**Мәуленберлі қорымының орналасқан жері мен жалпы сипаттамасы.** Мәуленберлі қорымы Жаңаарқа ауданы Ералиев ауылынан батысқа қарай 17 км және Көнек тауынан шығысқа қарай 5 км жерде орналасқан (Сур. 1). Ескерткіш аумағынан Сарысу, Сөрті, Манан, Атасу, Құдайменде өзендері ағады.

Қорымның төңірегі табиғи бөгендермен қоршалған: оңтүстік-батыс шеті Сөрті өзенімен шектесе, ал солтүстігі мен шығысын аласа төбелер қоршайды. Қорым қыратты төбенің етегінде, батысқа қарай 100 метр жерден орын тепкен.

Қорым аумағында бірнеше тарихи кезеңнің ескерткіштері орналасқан (Сур. 2). Ескерткіштерді тіркеу құжаттарына сәйкес Мәуленберлі қорымы шартты түрде Мәуленберлі 1, 2 және 3 деген үш бөліктен тұрады. Жалпы қорым XVI–XIX ғасырларға жататын бірнеше типтегі кесенелер мен жерлеу нысандарын қамтиды. Қорым аумағында сопақша келген (шамамен 2–4 м) шағын үйінді, тас үйінді түріндегі зираттар бар.

Мауленберлі 1 қорымы жолдан 100 м қашықтықтағы төбенің етегінде орналасқан. Сопақша пішінді тастан үйіндіден тұратын 10 жерлеу орыны бар. Кейбір құрылыстардың бас жағында (батыс шетінде) көлемі 25x25x5 см күйдірілген кірпіштер қойылған. Тас бейіттердің жанында саз кірпіштен

салынған, құрылыстары күмбезді кесенелер мен шеңбер және төртқұлақ типті жалпы саны 16 мазар бар.



Сур. 1. Мәуленберді қорымының орналасу картасы



Сур. 2. Мәуленберді қорымының жалпы көрінісі

Саз кесектен тұрғызылған күмбезді кесенеді толығымен қайта қалпына келтіру жұмыстары жасалған. Қалпына келтіру жұмыстарын 2012 жылы Әнуар Төлебаевтың басшылығымен «Ұлытау-Ұлар» ЖШС ұйымы жүзеге асырған. Алайда уақыт өте келе табиғи тозудың салдарынан кесененің оңтүстік және солтүстік-шығыс қапталы мүжіліп құлай бастаған. Жергілікті тұрғындардың дерегі бойынша бұл кесене Нияз батырға арналған.

Нияз Батыр – XVII ғасырда өмір сүрген. Қазақ халқының рулық жүйесіндегі Тама, оның ішіндегі Жөгі руынан тарайды.

Осы кесененің жанында белгілі күйші, қобызшы Бқылас Дүкенұлының інісі Жанас Дүкенұлының бейіті орналасқан. Қабірдің оңтүстік-батыс бөлігінде есімі мен өмір сүрген жылдары жазылған құлпытас орнатылған. Онда: «Жанас Дүкенұлы 1837 – 1912» деп көрсетілген.

Қорымның шығыс жағындағы биіктеу төбенің басында орналасқан Мауленберлі 2 кесенесі қорымдағы ең ерте салынған нысандардың бірі болса керек. Құрылыс сипаты ортағасырлық ескерткіштерге жақын келеді. Бір бөлмелі құрылыстан тұрады. Іргетасы тастан қаланып, жоғары қарай күйдірілген кірпіштен өрілген. Құрылыстың жобасы дөңгелек пішінді, жартылай сақталған (Сур. 3). Диаметрі 10 м, құрылыстың сақталған бөлігінің биіктігі 0,8 м жетеді. Қабырғасының жоғарғы жағына қаланған қызыл кірпіштердің көлемі 25x25x5 см шамасында. Әдетте мұндай кірпіштер Жошы Ұлысын заманына тиесілі құрылыс нысандарында жиі пайдаланылады. Сондықтан құрылыстың жобасына және қолданылған құрылыс материалдарына қарай отырып бұл жерлеу орны шамамен XIV-XV ғғ. тиесілі болуы ықтимал деген қорытынды жасауға болады.

Мауленберлі 3 тобындағы жерлеу құрылыстары қорымның солтүстік бөлігінде, төбенің беткейін ала орналасқан. Жалпы саны 27 құрылыстан тұрады. Жерлеулер жобасында сопақша келген, тастан үйілген қабір үстіндегі құрылыстарының ұзындығы 3,6 м, ені 2,5 м, биіктігі 0,2-0,5 м көлемінде. Тас құрылыстардың шығыс жағында 50-60 м қашықтықта саз кірпіштен қаланған төртқұлақ түріндегі үш мазар орналасқан.



Сур. 3. Мәуленберлі 2 кесенесі


Қорым бірнеше тарихи кезеңнің жерлеу ескерткіштерін қамтитын кешен болып табылады. Бұл жерлеу құрылыстарын тұрғызу үшін жергілікті табиғи материалдарды қолданғандығын байқауға болады. Неғұрлым ерекшелігі айқын ескерткіш түрлі ретінде еңселі және құрылымы күрделі кесенелер деп бағалауға болады. Жалпы қорымдағы жерлеулердің көпшілігі оңтүстік-батысқа немесе құбылаға бағытталған. Тек Мәуленберлі 2 деп белгіленген төбенің басындағы кесененің орналасуы солтүстікке қарай бағытталған.

Бұл жерлеулер қазіргі Қазақстан аумағындағы мәдени және діни өзгерістер үдерістерін зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды тарихи және археологиялық материал болып табылады. Олардың құрылымы, орналасуы және бағдары мұсылмандық сенімдердің ықпалымен жасалатын жерлеу рәсімдері мен әдет-ғұрыптардың қалай өзгергенін түсіну үшін құнды деректер береді. Бұл жерлеулерді зерттеу сол кездегі қоғам өмірінің әлеуметтік және мәдени аспектілеріне, соның ішінде әлеуметтік иерархия, материалдық мәдениет және қоршаған табиғи ортамен өзара байланыс мәселелеріне қатысты құнды ақпараттар беруі мүмкін.

**Археологиялық қазба жұмыстары.** Қорым аумағындағы екі жерлеуде археологиялық қазба салу арқылы зерттеу жасалды. Нысандардың реттік саны оның ескерткіштің төлқұжатында көрсетілген сипаттамаларына қарай №3 және №4 жерлеу деп белгіленді.


Қазба жасалған № 3 жерлеу нысаны саз кірпіштен қаланған күмбезді кесененің солтүстік-батыс жақ іргесінде орналасқан. Жерлеу құрылысы кесек тастардан қоршау түрінде қаланған. Пішіні сопақшалау келген (2x1,4 м), шығыстан батысқа қарай созыла орналасқан.

Жерлеудің құрылысы мен жерлеу шұңқыры табиғи жерге дейін толық тазартылып фиксациясы жасалды (Сур. 4). Жерлеу орнының ізі болғанымен, адам сүйегі немесе қандай да бір қосымша заттар табылған жоқ. Жерлеу нысаны орналасуы бойынша солтүстікке бағытталған. Құрылысы аса күрделі емес, қоршау түрінде. Сондықтан бұл жерлеу құрылысының сыртқы ерекшеліктеріне қарай ортағасырлық ескерткіштердің қатарына жатқызуға болады. Осылайша №3 жерлеу оның қасында тұрған кесенені орнату кезінде қазылып, ішіндегі адам басқа жерге жерленген немесе бос жерлеу (кенотаф) болуы мүмкін деп болжам жасауға болады. Естелік ретіндегі бос жерлеу орнату дәстүрі де бұл өңір тұрғындары үшін таңсық емес. Әдетте бұндай жерлеу нысандары дүниеден қайтқан адамның мәйітін көму мүмкіндігі болмаған жағдайда тұрғызады. Бұл қаза тапқан адамның мәйіті немесе мүлде табылмаған кезде, соғыс даласында, немесе жау қолында қалған т.б. жағдайларда, мәйітті көздеген жеріне жеткізу мүмкін болмаған кезде жасалатын дәстүрлі шаралардың бір түрі. Ол аруақты мәңгі есте қалдыру және еске алу рәсімдерін орындау үшін қызмет етеді және әртүрлі үлгідегі және ғұрыптық ишараларды орындайтын нысан ретінде қолданыста болады [Толеубаев, 1991: 140].



Сур. 4. № 3 нысанның қазбадан кейінгі жобасы

Мәуленберлі 1 қорымындағы №4 жерлеу нысаны жергілікті таудың жақпар тастарынан үйінді ретінде тұрғызылған. Қазба жасалған №3 нысаннан солтүстікке қарай 20 м жерде орналасқан. Дөңгелек пішінді жерлеудің диаметрі 3 м, биіктігі 0,3 м көлемінде. Қазбаны 0,6 м тереңдеткен кезде жерленген адамның сүйек қалдықтары шыға бастады. Толық тазартудан кейін басы құбылаға қарай бағытталған жас жеткіншек адамның жерлеу орны екендігі анықталды (Сур. 5). Алайда сүйектердің сақталуы нашар (50% жуығы бүтін) болғандықтан адамның жынысы мен жасын нақтылау да мүмкін болмады. Талдау үшін ғылыми-зертханалық зерттеулерге қажетті үлгілер алынды. Сүйектердің сақталуы өте нашар болғандықтан тек сызбасы жасалып, фотоға түсіріліп, қалған қалдықтары қайтада көмілді. Осылайша, бұл жердегі жерленген адамның басының батысқа қарай бағытталуы, ілеспе заттардың болмауы, оның кейінгі ортағасыр немесе жаңа замандағы жерлеу орны деп пайымдауға болады. Бұл нысан осы қорымдағы соңғы жерлеу нысандарының бірі деп қорытынды жасауға негіз бар.



Сур. 5. № 4 нысанның қазбадан кейінгі жобасы

**Қорытынды.** Мәуленберлі қорымында жүргізілген зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе, бұл нысанның бірнеше ғасырлар бойы (XIV–XIX ғғ.) үздіксіз қолданыста болған көп қабатты тарихи ескерткіш екендігін атап айтуға болады. Зерттеу барысында алынған мәліметтер келесідей маңызды тұжырымдар жасауға негіз болды.

Тарихи-географиялық сабақтастық белгілері. Мәуленберлі атауының Батыс Қазақстан мен Сарыарқа өңірінде қатар кездесуі бұл ортағасырларда осы өңірді мекен еткен көшпелілердің маусымдық көш жолдары мен этно-мәдени байланыстарын көрсетеді. Бұл есімнің Ұлытау жеріндегі жайлау атауымен байланыстырылуы нысанның тарихи негізін айқындай түседі.

Сәулеттік ерекшеліктер. Қорым аумағындағы күйдірілген кірпіштен салынған ортағасырлық құрылыстар мен кейінгі кезеңдегі саз кірпіштен тұрғызылған кесенелер аймақтағы монументалды сәулет өнерінің даму деңгейін көрсетеді. Әсіресе, Мәуленберлі 2 нысанының Жошы Ұлысы заманына тән құрылыс материалдарымен салынуы оның ерте кезеңге тиесілі ескерткіш нысаны екендігін растайды.

Жерлеу ғұрпының әртүрлілігі. Археологиялық қазба жұмыстары қорымдағы жерлеу рәсімдерінің күрделі екенін көрсетті. №3 нысаннан адам сүйегінің табылмауы оны ерекше рәсімдік «кенотаф» ретінде бағалауға мүмкіндік берсе, №4 нысандағы мұсылмандық бағыттағы жерлеу аймақта мұсылмандық дәстүрдің берік орныққанын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, Мәуленберлі қорымы тек археологиялық нысан ғана емес, сонымен бірге Нияз батыр мен Жанас Дүкенұлы сынды тарихи тұлғалардың есімімен байланысты қасиетті мекен болып табылады. Болашақта бұл жерде антропологиялық және зертханалық талдауларды тереңдету аймақтың ортағасырлық тарихына қатысты жаңа деректерді ашуға жол ашады.

#### Дереккөздер

Жуанышбаев, 2024 – *Жуанышбаев* Балапан Оспанұлы. 1971 ж.т., Руы: Тама. Өлкетанушы. Ералиев ауылы, Жаңаарқа ауданы, Ұлытау облысы.

#### Әдебиеттер

Ақтөбе облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері, 2014 – *Ақтөбе облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері*. 13 томдық. 7- том. Темір ауданы. Ақтөбе, 2014. 294 б.

Бисалиев, 2019 – *Бисалиев Ж.Б.* Тарих. Иман. Естелік. Ақтөбе: «А-Полиграфия» баспасы, 2019. 224 б.

Валиханов, 1984 – *Валиханов Ч.Ч.* О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще // Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. С. 190–197.

Жуанышбаев, 2024 – [Жуанышбаев Б. Таманың түпкі тарихы. Алматы: «Таугүл – принт» баспасы, 2024. 192 б.](#)

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының археологиялық картасы, 2019 – *Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының археологиялық картасы*. Құрастырушылар: Кукушкин А.И., Мәкен А.Б., Аубакиров Б.Е., Шохатаев О.С. Қарағанды, 2019. 125 б.

Левшин 2005 – *Левшин А.И.* Описание орд и степей казахов / [Министерство образования и науки Республики Казахстан; Павлодарский государственный университет](#) им. С. Торайгырова. Павлодар, НПФ «ЭКО», 2005. 212 с.

Рычков, 1887 – *Рычков П.И.* Топография Оренбургской губернии. Оренбург, Бреслина, 1887. 439 с.

Толубаев, 1991 – *Толубаев А.Т.* Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX в.). Алма-Ата, Ғылым, 1991. 213 с.

Хабдулина, 2016 – *Хабдулина М.К.* Раннемусульманские погребения некрополя городища Бозок // «Диалог городской и степной культур на Евразийском пространстве. Историческая география Золотой Орды» Материалы Седьмой Международной конференции, посвящённой памяти Г.А. Фёдорова-Давыдова / Под ред. С. Г. Бочарова и А. Г. Ситдикова. Казань, Ялта, Кишинёв, 2016. С. 94–96.

#### Sources

Zhuanyshbaev, 2024 – *Zhuanyshbaev Balapan Ospanuly*. 1971 zh.t., Ruy: Tama. Olketanushy. Eraliev auyly, Zhanaarqa audany, Ulytau oblysy. [Zhuanyshbaev Balapan Ospanuly. Born in 1971. Tribe: Tama. Local historian. Yeraliyev village, Zhanaarka District, Ulytau Region.]

#### References

Aqtobe oblysynyn tarihi-madeni jane tabigat muralary eskertkishteri, 2014 – *Aqtobe oblysynyn tarihi-madeni jane tabigat muralary eskertkishteri* [Monuments of historical, cultural and natural heritage of Aktobe region]. 13 tomlyq. 7-tom. Temir audany. Aqtöbe, 2014. 294 p. [in Kazakh]

Bisaliyev, 2019 – *Bisaliyev Zh.B.* Tarih. Iman. Estelik [History. Faith. Memory]. Aqtobe: «A-Poligrafiya» baspasy, 2019. 224 p. [in Kazakh]

Valihanov, 1984 – *Valihanov Ch.Ch.* O kirgiz-kaisackih mogilah (molah) i drevnostyah voobshche [About Kirghiz-Kaisat graves (moles) and antiquities in general] / Sbranie sochinenii v pyati tomah. T.1. Alma-Ata: Glavnaya redakciya Kazahskoi sovetskoi enciklopedii, 1984. Pp. 190–197. [in Russian]

Zhuanyshbaev, 2024 – *Zhuanyshbaev B.* Tamanyñ tupki tarihy [The ultimate history of Tama]. Almaty: «Taugul – print» baspasy, 2024. 192 p. [in Kazakh]

Qaraghandy oblysy Zhanaarqa audanynyn arheologiyalyq kartasy, 2019 – *Qaraghandy oblysy Zhanaarqa audanynyn arheologiyalyq kartasy* [Archaeological map of Zhanaarka District of Karaganda region]. Qurastyrushylar: Kukushkin A.I., Maken A.B., Aubakirov B.E., Shohataev O.S. Qaraghandy, 2019. 125 p. [in Kazakh]

Levshin 2005 – *Levshin A.I.* Opisanie ord i stepei kazahov [Description of Kazakh hordes and steppes]. Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan; Pavlodarskii gosudarstvennyi universitet im. S. Toraigyrova. Pavlodar, NPF «EKO», 2005. 212 p. [in Russian]

Rychkov 1887 – *Rychkov P.I.* Topografiya Orenburgskoi gubernii [Topography of Orenburg province]. Orenburg, Breslina, 1887. 439 p. [in Russian]

Toleubaev, 1991 – *Toleubaev A.T.* Relikty doislamskih verovaniy v semeinoi obryadnosti kazahov (XIX – nach. XX v.) [Relics of pre-Islamic beliefs in the Kazakh family rituals (XIX – early XX centuries). XX century.]. Alma-Ata, Gylym, 1991. 213 p. [in Russian]

Habdulina, 2016 – *Habdulina M.K.* Rannemusulmanskie pogrebeniya nekropolya gorodishcha Bozok [Early Muslim burials of the necropolis of the Bozok settlement] // «Dialog gorodskoi i stepnoi kultur na Evraziiskom prostranstve. Istoricheskaya geografiya Zolotoi Ordy» Materialy Sedmoi Mezhdunarodnoi konferencii, posvyashchyonnoi pamyati G.A. Fyodorova-Davydova. Pod redakciei S.G. Bocharova i A.G. Sitdikova. Kazan, Yalta, Kishinyov, 2016. Pp. 94–96. [in Russian]

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT  
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

<b>Мамытова С.Н.</b> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
<b>Ахметжан К.С.</b> ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
<b>Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш.</b> «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
<b>Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B.</b> THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
<b>Toraigyrov Ye.M.</b> TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
<b>Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х.</b> УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
<b>Әуелбеков М.Б., Бахар Х.</b> XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
<b>Черниенко Д.А.</b> ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
<b>Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z.</b> SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY.....	564
<b>Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ.</b> ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.).....	576
<b>Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х.</b> О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

<b>Сулейменова А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
<b>Молотова Г.М.</b> ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
<b>Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С.</b> ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
<b>Алимбай Н.</b> ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
<b>Бахтыбаев М.М., Қожас М.Б., Сиздиқов Б.С.</b> ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
<b>Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т.</b> ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
<b>Шашаева М.А.</b> ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
<b>Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г.</b> АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
<b>Есен С.Ғ.</b> МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
<b>Жетібаев К.М., Қожас М.Б., Әлімбекұлы Ә.</b> ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
<b>Муратбаева А.Б.</b> ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

<b>Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
<b>Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М.</b> ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
<b>Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е.</b> РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
<b>Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К.</b> 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
<b>Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә.</b> КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
<b>Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е.</b> МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
<b>Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А.</b> КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ. ....	878
<b>Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б.</b> ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
<b>Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж.</b> ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
<b>Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A.</b> THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
<b>Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A.</b> THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты  
Алматы қ., Шевченко көш., 28  
Тел/факс: +7 727 261 67 19  
e-mail: kazhistory@bk.ru

---